

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.І, Ч.3 - С.121-123

ЖОО-НА ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҮРДІСІН АВТОМАТТАНДЫРУ

*Шекина Д.Қ, 2-курс магистранты
Ермагамбетов Т., ф.-м.ғ.к., доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университет,
Ақтөбе қ.*

Заманауи өмірді тиімді басқарусыз елестету мүмкін емес. Оның маңызды санаттарының бірі ақпараттық өңдеу жүйесі болып табылады. Кез-келген кәсіпорын жұмысының тиімділігі ақпараттық өңдеу жүйесіне тәуелді болады. Қазіргі таңда жаңа компьютерлік технологияны енгізбеген кәсіпорын немесе мекеме жоқ деуге болады. Әрбір мекемеде автоматтандыруды талап ететін өз бөлімшелері және көрсететін қызметтері бар.

Қабылдау комиссиясы кез-келген оқу мекемесі үшін негізгі бөлім болып табылады. Қабылдау комиссиясының басты міндеті - ең қарқынды кезеңдердің бірі - қабылдау науқанын ұйымдастыру және өткізу: жоғарғы оқу орындарының (магистратура және докторантура, колледж) талапкерлерінен құжат қабылдау және олардың білім ордасына тіркелуін қамтамасыз ету. Алайда, жоғары оқу орнының күндізгі немесе қашықтан оқыту бөліміне түсу үшін өтініш толтырып, ата-ана және түлектермен уақытаралық кездесу арқылы жүзеге асырылады. Бірақ, заман тез өзгеріп келеді, уақыт өткен сайын мұндай тәсілдердің орнын инновациялар, өзіміздің ғана емес, өзге елдің халқына тартымды болар техникалық бұйымдар шығару және технологиялық жаңалықтар жасау мүмкіндігі алға басып келеді.

Электронды қабылдау комиссиясының негізгі мақсаты – қабылдау комиссиясындағы жұмыс мөлшерін азайту және келешектегі студенттердің жоғары оқу орынға түсуін жеңілдету.

Қабылдау комиссиясы жұмысы – статистикалық ақпараттардың үлкен көлемін талдау болып табылады. Қолмен өңдеу жағдайында, осы маңызды кезеңде нақты кескінді бұрмалайтын қателіктерге ұшырау қаупі туындауда. «Қабылдау комиссиясы» жұмысына автоматтандыру жүйесін енгізу қателіктерді барынша азайтады, өтініш берушімен жұмыс істеу уақытын қысқартады, түрлі есептерді шығарады, сонымен бірге қабылдау бөліміне тартылған қызметкерлердің санын азайтуға мүмкіндік береді, осылайша еңбек ақы қорында үнемдеуді жүзеге асырады.

"Қабылдау комиссиясы" бағдарламасы қабылдау комиссиясы қызметін қабылдау дайындығынан бастап қорытынды шығаруға дейін жұмысты автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Қабылдау комиссиясы жұмысын автоматтандыруды қазіргі кездегі білім алуға қабылдау ережелеріне сәйкес екіге бөлуге болады.

Жоғарғы оқу орындарына қабылдау ережелеріне сәйкес есептің қойылымын келесі түрде ұсынуға болады:

1. талапкердің электрондық жеке ісін құру;
2. қабылдау сынақтарының нәтижелерін есепке алу;
 - орта және орта кәсіптік білім беру орындарын бітірушілері үшін ҰБТ нәтижелері;
 - магистратура мен докторантураға түсу үшін GMAT форматы бойынша бірыңғай емтихан нәтижелері;
 - екінші жоғарғы білім алушыларға емтихан топтарын қалыптастыру; компьютерлік тест түрінде емтихан алу;
3. қабылдауға арналған жиынтық ведомосын әзірлеу;
4. статистика мен қабылдау комиссия есебін дайындау.

Орта кәсіптік білім беру (колледж) орындарына түсу есебінің қойылымы.

1. талапкердің электрондық жеке ісін құру;
2. қабылдау сынақтарының нәтижелерін есепке алу;
 - орта білім беру орындарын бітірушілері үшін ҰБТ нәтижелері;
 - 9 сыныпты бітірген және ҰБТ-дан өтпеген бітірушілер үшін емтихан топтарын қалыптастыру;
 - компьютерлік тест түрінде емтихан алу;
3. қабылдауға арналған жиынтық ведомосын әзірлеу;
4. статистика мен қабылдау комиссия есебін дайындау.

Абитуриенттерді қабылдауға дайындық барысында келесі анықтамалық бөлімдерді дайындауға және баптауға болады:

- қабылдау жүргізілетін мамандықтар тізімі;
- қабылдау жоспары және оқу түрі;
- оқу орнында жүргізілетін қабылдау емтихандары бойынша, пәндер мен оқуға түсу сынақтары түрлерінің тізімі және т.б.

Интеграцияланған жүйеде қабылдау науқанын өткізу талапкерлердің өтініштерін өңдеу, оқуға қабылдау және есеп беру бойынша оқу орны қызметкерлерінің еңбек шығындарын қысқартуға мүмкіндік берді.

Қабылдау науқанының кезеңдерін автоматтандыру мекемеге білім беру қызметтерін көптеген талапкерлерге ұсынуға, оқу орнының беделін арттыруға және үміткерлердің ең жақсы дайындалған контингентін қабылдау арқылы қабылдау жоспарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Оқу орындарының қабылдау комиссиясының қызметкерлерінің жұмысын талдау кезінде келесі технологиялық кезеңдер ерекшеленді: талапкерлердің өтініштерін қабылдау, түсу сынақтары, білім беру мекемесіне қабылдау және қабылдау қорытындыларын шығару.

Жүйенің мүмкіндіктері талапкерлерге Интернет арқылы электронды өтінішті өз бетімен жасауға мүмкіндік береді. Барлық өрістерді толтырылғаннан кейін, бірыңғай жеке іс талапкер құжаттарын тапсыратын барлық мамандықтар туралы ақпаратты сақтайды. Талапкердің электрондық жеке ісін жасағаннан кейін барлық қажетті құжаттарды құрастыруға және басып шығаруға болады. Бағдарламаның пайдаланушы интерфейсі деректерді жылдам енгізу және енгізілген ақпаратты дұрыстыққа тексеру үшін оңтайландырылады.

Бағдарлама келесі бағыттар бойынша талдауды қамтамасыз етеді:

- Бастапқы ақпарат: жеке істерді жүргізу, ұсынылған құжаттардың толықтығын бақылау, ҰБТ нәтижелері, олимпиада қатысушыларының және жеңілдіктері бар тұлғалардың есебі;
- Қабылдау сынақтары: аттестаттар конкурсы, емтихан тізімін қалыптастыру, ведомостарды басып шығару, сынақ нәтижелері, рейтингтер, өту баллдары;
- Қабылдау: оқуға түскендердің тізімі (алфавит, рейтинг немесе басқа параметрлер бойынша сұрыптау мүмкіндігімен), қабылдау туралы бұйрықтар, сынақтан өтпеген талапкерлердің құжаттарын қайтару, оқу топтарын қалыптастыру;
- Қызметтік ақпарат: орын саны туралы мәліметтер (бюджеттік, коммерциялық, жеңілдікті), берілген өтініштерді талдау, қабылдау жоспарын орындау динамикасы. Емтихан алушылардың тізімі, талапкерлер үшін парақшалар және анықтамалық ақпараттарды шығару.
- Бағдарламалық өнімнің соңғы құрамы мен функциялары нақты оқу орнының талабы бойынша қосымша өңделеді. Жүйе қарапайым колледжде, сондай-ақ ірі жоғарғы оқу орындарында да оңай оқу орнының ережесіне сай келтірілініп, қолданылуына болады.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР СТ 34.014-2002 Ақпараттық технология. Автоматтандырылған жүйелерге стандарттар кешені. Автоматтандырылған жүйелер. Терминдер мен анықтамалар.
2. ҚР СТ 34.015-2002 Ақпараттық технология. Автоматтандырылған жүйелерге стандарттар кешені. Автоматтандырылған жүйе жасауға техникалық тапсырма
3. ҚР СТ 1087-2002. Программалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Пайдаланушыға арналған нұсқаулар. Құрамына, мазмұнына және рәсімделуіне қойылатын талаптар.
4. ҚР СТ 1089-2002. Программалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Программа мен сынақтан өткізу әдістемесі. Программалық қамтамасыз етуді сынақтан өткізуді жоспарлау.
5. ҚР СТ 1090-2002. Программалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Қазақ және орыс тілдерінде программалық жабдықтамаға қойылатын талаптардың сипаттамасы
6. ҚР СТ 1091-2002. Программалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Терминдер мен анықтамалар.